

## Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 7/16-VII шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандығы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 – баптарына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Л. Гречушникова

Алтай  
ауданының мәслихатының  
2022 жылғы 21 казандағы  
№ 23/7-VII шешіміне қосымша

## Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары

**Ескеरту. Жоспар жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 21.10.2022 № 23/7-VII шешімімен.**

Осы Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жайылымдар туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленеді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөп қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу үрдісін болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Алтай ауданының Никольск ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын) (1- қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары (2- қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картаны (3 - қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын (4- қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын (5- қосымша);

6) Никольск ауылдық округі маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6- қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графикті (7- қосымша).

7-1) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және аландары белгіленген картаны (7-1- қосымша) құрайды.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, олардың иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдалап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Никольск ауылдық округінде әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша 4 елді мекен бар.

Никольск ауылдық округі аумағының жалпы ауданы 66572 га, оның ішінде егістіктер – 13459 га, жайылымдық жерлер – 40152 га.

Санаттар бойынша жер мыналарға бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 49717 га;

елді мекендер жерлері – 6997 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі қажеттілігі үшін, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және ауыл шаруашылығынан өзге мақсатқа арналған жерлер – 42 га;

босалқы жерлер - 9816 га.

Табиғи жағдайлары бойынша Никольск ауылдық округінің аумағы екі егіншілік өндеу аймағында, таулы шалғынды-дала аймағында және тау бектеріндегі дала қоңыржай ылғалды жерде орналасқан. Климаты қатал және ұзақ қысымен, қысқа және ыстық жазымен, өткенші көктемі мен күзімен күрт континенталды. Ауаның орташа температурасы – 16 градус. Жауын-шашын жылына орта есеппен 420 мм жауады, олардың ең көп мөлшері шілдеге келеді. Топырағы негізінен сілтісізденген және таулы далалы қара топырақ.

Никольск ауылдық округінің аумағында ветеринарлық пункт, малды қолдан ұрықтандыру пункті, мал қорымы бар.

2021 жылдың 1 қантарына Никольск ауылдық округінде ірі қара мал 2189 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 985 бас, ұсақ мал басы 2175, жылқылар басы 669 (№ 1 кесте) есептелген:

Никольск ауылында:

ірі қара мал 533 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 247 бас, ұсақ мал 875 бас, жылқылар – 307 бас.

Жайылымдар ауданы 2300 га құрайды.

Бородино ауылында:

ірі қара мал 1395 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 610 бас, ұсақ мал 903 бас, жылқылар – 220 бас.

Жайылымдар ауданы 2050 га құрайды.

Алтайка ауылында:

ірі қара мал 24 бас, оның ішінде аналық (сауын) мал басы 8 бас, ұсақ мал 17 бас, жылқылар – 24 бас.

Жайылымдар ауданы 1076 га құрайды.

Кремнюха ауылында:

ірі қара мал 237 бас, соның ішінде аналық (сауын) мал басы 120 бас, ұсақ мал 380 бас, жылқылар – 118 бас.

Жайылымдар ауданы 1000 га құрайды.

**Никольск ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер**

№ 1 кесте

№	Елді мекендер	Халық				Ауыл шаруашылығы күрылымдары				Барлығы:			
		Ірі қара мал		ұсақ мал	жылқ ылар	Ірі қара мал		ұсақ мал	жылқ ылар	Ірі қара мал		ұсақ мал	жылқ ылар
		барлы ғы	оның ішінде сауын			барлы ғы	оның ішінде сауын			барлы ғы	оның ішінде сауын		
1	Никольск ауылы	240	112	615	76	293	135	260	231	533	247	875	307
2	Бородино ауылы	251	110	903	103	1144	500	0	117	1395	610	903	220
3	Алтайка ауылы	24	8	17	24	0	0	0	0	24	8	17	24
4	Кремнюха ауылы	157	70	294	101	80	50	86	17	237	120	380	118
	Барлығы:	672	300	1829	304	1517	685	346	365	2189	985	2175	669

Никольск ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдармен қамтамасыз ету үшін жалпы 40185 гар жайылымдық алқаптар бар, елді мекендер шегінде 6426 га есептелген.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15-бабына сәйкес, жергілікті халықтың мұқтажы үшін (Никольск ауылы, Бородино ауылы, Алтайка ауылы, Кремнюха ауылы) аналық (сауын) ауыл шаруашылығы жануарлардың басын ұстауға елді мекендерде бар жайылымдық алқаптар мөлшерінде 6426 га, қажеттілік 1048 га (№ 2 кесте) құрайды.

№2 кесте

№	Елді мекендер	Жайылымда р ауданы, (га)	Сауын сиырлардың болуы (бас)	Жайылымда рдың 1 басқа қажетті нормасы (га)	Жайылымда р қажеттілігі,(га)	Жайылымда р мен қамтамасыз етілмеген (га)	Артылғаны, (га)
1	Никольск ауылы	2300	112	3	336	-	1964
2	Бородино ауылы	2050	110	3	330	-	1720
3	Алтайка ауылы	1076	8	4	32	-	1044
4	Кремнюха ауылы	1000	70	5	350	-	650
	Барлығы:	6426	300		1048	0	5378

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы жануарларының жайылымы ірі қара мал басына қалыпты жағдайдағы жүктемесі: ірі қара мал – 3 га, ұсақ мал – 0,5 га, жылқылар – 5 га, сондай -ақ елді мекендер шегінде жүзеге асырылады (№ 3 кесте).

№ 3 кесте

№	Елді мекендер	Халық			Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)			Жайылымдар қажеттілігі,(га)			
		Ірі қара мал	ұсақ мал	Жылқылар	Ірі қара мал	ұсақ мал	Жылқылар	Ірі қара мал	ұсақ мал	жылқылар	Барлығы (га)
1	Никольск ауылы	128	615	76	3	0,5	5	384	307,5	380	1071,5
2	Бородино ауылы	141	903	103	3	0,5	5	423	451,5	515	1389,5
3	Алтайка ауылы	16	17	24	3	0,5	5	48	27	120	195
4	Кремнюха ауылы	87	294	101	3	0,5	5	261	147	505	913
	Барлығы:	372	1829	304				1116	933	1520	3569

Никольск ауылының жергілікті халқының малын жаю үшін 2 табын: 1– табын – Никольск ауылынан солтүстікке қарай, суат – Земляной жылғасы, 2– табын – Никольск ауылынан оңтүстікке қарай, суат – бұлақтар.

Бородино ауылы халқының малын жаю үшін 3 табын ұйымдастырылған : 1– табын – Бородино ауылынан солтүстікке қарай, суат – Пашенная канавочка жылғасы; 2– табын Бородино ауылынан батысқа қарай, суат – Черемшанка өзені, бұлақтар; 3– табын – Бородино ауылынан оңтүстікке қарай, суат – Черемшанка өзені, бұлақтар.

Алтайка ауылы халқының малын жаю үшін Алтайка ауылынан солтүстікке қарай 1 табын ұйымдастырылған, суат – бұлақтар.

Кремнюха ауылы халқының малын жаю үшін 2 табын ұйымдастырылған: 1– табын – Кремнюха ауылынан солтүстікке қарай, суат – Кремнюшенский жылғасы, бұлақтар; 2 – табын – Кремнюха ауылынан оңтүстікке қарай, суат – Кремнюшенский жылғасы, бұлақтар.

Никольск ауылдық округінің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде (бұдан әрі –ЖШС), шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 1517 бас, ұсақ мал 346 бас, жылқылар 365 бас құрайды.

ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарындағы жайылымдар ауданы 30415 га құрайды (№4 кесте).

№ 4 кесте

--	--	--	--	--	--


№	Жер пайдаланушылар	Ауданы (га)	Тұрғы бойынша малдың бары, (бас)			Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)			Жайылымдар қажеттілігі,(га)			
			Ірі кара мал	Ұсақ мал	Жылқылар	Ірі кара мал	Ұсақ мал	Жылқылар	Ірі кара мал	Ұсақ мал	Жылқылар	Барлығы (га)
1	" Никол ьское" ЖШС	1568	0	56	48	3	0,5	5	0	28	240	268
2	" Кремн юшенс кое" ЖШС	544	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
3	" Бороди но" ЖШС	12738	150	0	0	3	0,5	5	450	0	0	450
4	" Улар" ЖШС	848	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
5	" Санурп-Агро" ЖШС	1589	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
6	" Никол ьск 1" ЖШС	9230	227	0	149	3	0,5	5	681	0	745	1426
7	Каирка нова Б.М. шаруа кожалығы	125	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
8	" Бороди но" шаруа кожалығы	2023	994	0	112	3	0,5	5	2982	0	560	3542
9	Коломанов Т. шаруа кожалығы	44	2	21	2	3	0,5	5	6	11	10	27
10	Сеитов Т.Т.	42	41	17	15	3	0,5	5	123	9		207

	шаруа кожал ығы									75		
11	" Гульм ира" шаруа кожал ығы	296	68	65	0	3	0,5	5	204	33	0	237
12	"АсЗар " шаруа кожал ығы	68	0	0	5	3	0,5	5	0	0	25	25
13	" Тычин ский А.П." жай серіктес тігі	808	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
14	" Тимур " жай серіктес тік	228	10	0	15	3	0,5	5	30	0	75	105
15	Кункел ь А.В. шаруа кожал ығы	227	10	147	16	3	0,5	5	30	74	80	184
16	Ткач А.И. шаруа кожал ығы	32	0	0	0	3	0,5	5	0	0	0	0
17	Калиев Т.К.	5	15	40	3	3	0,5	5	45	20	15	80
	Барлығ ы:	30415	1517	346	365				4551	175	1825	6551

"Бородино" шаруа қожалығына 1519 га мөлшеріндегі жайылымдық алқаптардағы қалыптасқан қажеттілікті "Бородино" ЖШС берілген жерлеріндегі ауыл шаруашылық малдарды жаю есебімен толықтыру қажет, елді мекендер жерлеріндегі "Сеитов Т.Т." және Калиев Т.К. шаруа қожалығына 240 га мөлшеріндегі жайылымдық алаптар қажет.

Алтай ауданының Никольск  
ауылдық округінде жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
бойынша 2022-2023 жылдарға  
арналған жоспарына  
1- қосымша

Күкің белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісіндегі Алтай ауданының Никольск ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатындағы жайылымдар (№4-кесте)



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар

Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға


## Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары

Бір табын үшін төрт танапты жайылым айналымының схемасы (табындар)

жыл	телімдер			
	1	2	3	4
2022	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	демалыс
2023	(К-Ж-К)	(К-Ж-К)	демалыс	(К-Ж-К)
(К-Ж-К) көктем- жаз- күз				

Алтай ауданының Никольск  
ауылдық округінде жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
бойынша 2022-2023 жылдарға  
арналған жоспарына  
3- қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары  
мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Сыртқы және ішкі шекараларындағы маусымдық жайылымдар




Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар



суат

Алтай ауданының Никольск  
ауылдық округінде жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
бойынша 2022-2023 жылдарға  
арналған жоспарына  
4- қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (келдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**




## Шартты белгілері

  - мал жаю үшін ауыл шаруашылығы өндірушілерге және жеке тұлғаларға берілген жайылымдар;

→ - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жетімділігі;

Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына  
5- қосымша

**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**




## Шартты белгілері:

- Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы

Алтай ауданының Никольск  
ауылдық округінде жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
бойынша 2022-2023 жылдарға  
арналған жоспарына  
6- қосымша

Никольск ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



## Шартты белгілері:

- Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы


Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына  
7- қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі**

Ауылдық округ	Шалғайдағы жайылымдарға жануарларды айдау мерзімі	Шалғайдағы жайылымдардан жануарларды қайтару мерзімі
Никольск	Сәуір-мамыр	Қыркүйек-қазан

Алтай ауданының Никольск ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жоспарына  
7-1- қосымша

**Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және аландары белгіленген карта**



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Босалқы жерлер санатындағы жайылымдар



Елді мекендер жерлері санатындағы жайылымдар